

М. Төлегенов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі бойынша педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы

№7

30.06.2023 жыл

Қатысқандар:7

Кеңес төрағасы м.у.а. – А.Жайшылықова

Кеңес мүшелері:

Әліпбаев М-мектеп психологі, кеңес мүшесі

Д.Ақшыманов-география пәні мұғалімі, кеңес мүшесі

Ғ.Қожабекова – кітапханашы, мектепшілік кәсіподақ ұйымының төрағасы, кеңес мүшесі

М.Шаңғытбаева – МАДС тәрбиешісі, кеңес мүшесі

Махметова М.Б.- оқу ісі орынбасары

Р.Кенжеғалиева – педагог ұйымдастырушы

Қатыспағандар:0

Күн тәртібінде:

1. ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2013 жылғы 8 тамыздағы №324 бұйрығы негізінде марапатқа жоғары білімді, педагог-зерттеуші біліктілік санатындағы география пәні мұғалімі Д.Р.Ақшымановты ұсыну туралы.
Хабарламашы: оқу ісі орынбасары М.Б.Махметова

Тыңдалды:

1. ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2013 жылғы 8 тамыздағы №324 бұйрығы негізінде марапатқа жоғары білімді, педагог-зерттеуші біліктілік санатындағы география пәні мұғалімі Д.Р.Ақшымановты ұсыну туралы хабарламасы.
Хабарламашы: оқу ісі орынбасары М.Б.Махметова

Сөз сөйлеушілер:

Оқу ісі орынбасары М.Б.Махметова:

ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2013 жылғы 8 тамыздағы №324 бұйрығымен бекітілген көтермелеудің салалық жүйесінің талаптарын, қоса тіркелген іс-қимыл алгоритмін, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2023 жылғы 27 маусымдағы №1/2951 хатын, Ырғыз аудандық білім бөлімінің 2023 жылғы 29 маусымдағы №23-1/310 хатын негізге ала отырып, мектебіміздегі жоғары білімді, педагог-зерттеуші біліктілік санатындағы география пәні мұғалімі Ақшыманов Дарын Рыстығұлұлын Оқу-ағарту министрінің алғысына ұсынамын.

Кәсіподақ төрағасы Ғ.С.Қожабекова

География пәні мұғалімі Д.Р.Ақшыманов өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен оқыту жолындағы шығармашылық жұмыстары үшін және аудан көлеміндегі қоғамдық істердегі белсенділігі үшін аудан әкімінің Алғыс хатымен, 2013 ж, маусым; Ақтөбе облысы әкімінің Алғыс хатымен, Ақтөбе облыстық білім басқармасының білім грантымен, 2015 жылғы тамыз; Ырғыз аудандық «Нұр Отан» партиясы филиалының Алғыс хатымен, 2017 жылғы желтоқсан; Ырғыз аудандық білім бөлімінің Құрмет грамотасымен, 2014 жығы қазан айы; Ақтөбе облыстық білім басқармасының «Құрмет грамотасымен», 2019 жылғы қазан; Ақтөбе облыстық ішкі саясат басқармасының Алғыс хатымен, 2020 жылғы мамыр; Ырғыз аудандық білім бөлімінің Алғыс хатымен, 2020 жылғы тамыз; Ақтөбе облыстық «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы акционерлік қоғамының Алғыс хатымен, 2021 жылғы ақпан; Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің «Алғыс хатымен» 2022 жылғы наурыз айы; мараптталды.

Облыс мұғалімдерінің арасында өткен педагогикалық шығармашылық конкурсында «Жанашыл мұғалім» номинациясы иеленіп, педагогикалық пәндік олимпиадаларда I және II орындарды иеленіп, кәсіби және шығармашылық байқауларда

үздіктер қатарынан көріне білді. Және халықаралық «Дарынды балаларға – талантты ұстаз» байқауында жүлделі ІІІ орынды иеленіп, арнайы марапатқа ие болды. Мұғалімнің ұстаздық жолындағы белсенділігі мектеп әкімшілігі, аудандық, облыстық білім бөлімі тарапынан әр кезде қолдауға ие бола отырып, республикалық деңгейдегі географиялық пәні мұғалімдерінің облыс делегаты ретінде съезге қатысып, өз пәні бойынша өзекті мәселелерді көтере білді. Сол себепті география пәні мұғалімінің еңбек өтілі, шығармашылық жұмыстарын өте жақсы деп бағалай отырып, мектеп кәсіподағы атынан Оқу-ағарту министрі тарапынан берілетін марапатқа лайық деп санаймын.

Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешісі М.Шаңғытбасва

Ақшыманов Дарын Рыстығұлұлының әдістемелік бірлестіктерде өткізген сабақтары, сыныптан тыс шаралары «өте жақса» деп бағаланып келді. Мұғалімнің шығармашылық жұмыстары аудандық және облыстық тамыз кеңестерінде, облыстық әдістемелік орталықтың ұйымдастыруымен ашық сабақтар, вебинарлар, семинарлар өткізіп, білім басқармасы тарапынан «оң» бағасын алып жүр. «Педагогикалық шолу», «Ұстаз», республикалық «География және Табиғат», «Тәрбие құралы», «Педагогикалық даму», «Ұстаз ұлағаты», «Тағылым, халықаралық «Ұлы дала ұстазы» баспасөз беттерінде, «Өрлеу» біліктілікті арттыру институты сайттарында бейнесабақтары, республикалық ғылыми сайттарда, ғылыми-тәжірибелік конференцияларда іс-тәжірибелері республикалық, халықаралық деңгейлерде таратылды. Бүгінде 3 әдістемелік құралдың, 2 электронды оқулықтың авторы.

Әр оқу жылдарындағы шәкірттері аудандық, облыстық, республикалық шараларда, олимпиадаларда, ғылыми жобаларда Темірланұлы Алтай, Қуанышбайқызы Ақмарал, Жайшылықова Айым, Нұрланқызы Анна жоғары деңгейде көрініп, мектептің абыройын асқақтатып жүр. Жоғары білімді, педагог-зерттеуші біліктілік санатындағы және мектеп тренері, ҚР педагог-кадрлардың біліктілігін арттырудағы деңгейлік курстың ілгерінді деңгейін аяқтап, сертификатталды.

География пәні бойынша білім көрсеткіштері мектебімізде жоспалы өткен мемлекеттік аттестаттауда, әр жылдардағы ұлттық бірінгіай тестілеуде жоғары деңгейде көрініп жүр. Д.Р.Ақшымановтың педагогикалық жолындағы шығармашылық жұмыстары облыстық білім сапасын сараптау департаменті жанынан құрылған мемлекеттік комиссияның шешімімен «өте жақсы» деп бағаланып, хаттамаланған. Пән мұғалімінің үздіксіз жүргізген нәтижелі жұмыстарын ескере отырып, Оқу-ағарту министрінің алғысына ұсынамын.

Шешім:

1. ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2013 жылғы 8 тамыздағы №324 бұйрығы негізінде марапатқа Д.Р.Ақшымановты ұсыну туралы оқу ісі орынбасары М.Б.Махметованың хабарламасы негізге алынсын;
2. ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2013 жылғы 8 тамыздағы №324 бұйрығы негізінде Оқу-ағарту министрінің алғысына жоғары білімді, педагог-зерттеуші біліктілік санатындағы география пәні мұғалімі Ақшыманов Дарын Рыстығұлұлы ұсынылсын;
3. Оқу-ағарту министрінің алғысына ұсынылған жоғары білімді, педагог-зерттеуші біліктілік санатындағы география пәні мұғалімі Ақшыманов Дарын Рыстығұлұлының іс-қағаздарын нормативтік – құқықтық құжаттарға сәйкес тапсыру оқу ісі орынбасары М.Б.Махметоваға міндеттелсін.

Кеңес төрағасының м.у.а.

А.Жайшылықова

Хатшы:

А.К.Қалмағанбетова

